

«ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ...» ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ

Маникова А.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Тарих және география мамандығының 1 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент Тасилова Н.А.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы дәстүрлі қазақ шаруашылығы мен капиталистік қатынастардың қалыптасуымен сипатталды. Осы кезеңде Қазақстан экономикасы айтарлықтай тұрақты дамымаған еді.

Қазақстан аумағының әр облысы табиғи-климаттық жағдайларының ерекшелігіне, тарихи қалыптасқан жағдайға, темір жолдар мен базарларға, шаруашылық және мәдени орталыққа жақындыққа байланысты әр аймақтағы экономикалық даму тенденциялары да әртүрлі деңгейде болды.

Қазақтың кең дала аймақтары мен таулы аймақтары, құрғақ шөлейттер мен орман аймақтарында шаруашылықтардың әр түрлі түрлері дамыды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан жерінің табиғи жағдайының ерекшеліктеріне, сонымен қатар, қазақ елі бастан кешкен түрлі тарихи кезеңдерге байланысты Қазақстанның әртүрлі жерлерінде тұратын қазақ жұртшылығының шаруашылықтарында да айтарлықтай айырмашылықтар болды.

Мұндай айырмашылықтардың негізінен шаруашылықтың үш түрін ажыратуға болады. Бұлар: 1) көшпелі жағдайдағы мал шаруашылығы; 2) жартылай көшіп мал асырау, қыстау төңірегінде егінмен айналысу; 3) отырықшық жағдайында мал шаруашылығы мен егіншілікті қатар жүргізу.

Тарихшы Б. Сүлейменов өз еңбегінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағын шартты түрде екі аймаққа бөлуге болатындығын атап өтті: а) біріншісі - халық мал шаруашылығы мен егіншілікпен айналысатын солтүстік, солтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс аймақ; б) екіншісі - орталық аумақтың көп бөлігі, оңтүстік және оңтүстік-батыс аймақтардың тұрғындары мал шаруашылығымен айналысқан деп айтылды [1, 49 б.].

Осы кезеңдегі негізгі шаруашылық мал шаруашылығы болды. Онымен халықтың 64,8%-ы, ал отырықшы суармалы егіншілікпен 26,4% айналысқан. Зерттеліп отырған кезеңде өнеркәсіптік өндіріс дамымады және қалыс қалды, тек шағын қолөнер өнеркәсібімен айналысты. Жалпы XIX-XX ғасырлардағы

Қазақстан дәстүрлі экономикасы мен феодалдық-патриархалдық қоғамы бар таза аграрлық аймақ болды. Осы кезеңде капиталистік қатынастар қайта қалыптаса бастады.

«Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» сақталған ақпараттың негізінде қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы, егін егу, қолөнері туралы құнды мәліметтер алуға болады. Бұл экспедицияның негізгі мақсаты қазақтардың шаруашылығына қажетті «жер көлемін» анықтау болғандықтан, зерттеушілер ең алдымен олардың шаруа қожалықтарының түрлерін, оларға қажетті жерлер мен құралдарды есептеді. Әр жердің табиғи ерекшеліктеріне сәйкес әр округтің экономикасы бөлек қарастырылды.

«Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» негізінде қазақтардың жер шаруашылығымен айналысуы нашар немесе мүлдем дамымаған, оларға егін егуді орыс шаруалары үйреткен деген пікірлерді толығымен жоққа шығаратыны туралы ақпарат алуға болады. Мәселен, Шымкент уезінің деректерінде өңір тұрғындарының 83,38% - ы отырықшы шаруашылықпен, ал 16,62% - ы көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындығы айтылған. Бұл туралы: «... хотя киргизы (казақтар) в Чимкентском уезде и считаются кочевниками, тем не менее они обеспечены пахотными угодьями значительно выше средней крестьянской семьи в Европейской России», - деп жазылған [2, 51 б.].

Шын мәнінде, Оңтүстік Қазақстанда Сырдария, Арыс өзендері мен Қаратау беткейлері бай табиғатқа, егуге қолайлы дамыған ирригациялық жүйеге ие. Мұнда ежелден бері егіншілікпен айналысады. Статистикалық партия мүшелері бұл өңірлерде жер пайдалану, егіс егу ісі 60-100 жыл бұрын қалыптасқанын атап өтті [2, 49 б.].

Торғай-Орал партиясының құрамына кірген Т. Седельников өз еңбегінде: «Қазақ өлкесінен біз шаруашылықтың кезеңдік түрлерінен сонау көшпелі жайылымдық, мал шаруашылығынан, таза егіншілікке, тіпті кәсіпшілікке дейінгі түрлерінің бәрін табамыз және олардың өзара тығыз байланысын байқаймыз», - деп атап өткен болатын [3, 20 б.].

«Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» мал шаруашылығын есептегенде олардың атауларын кестелерде жасына қарай қолданды. Осы санақтың объективтілігі көтерілді. Себебі, тіркеушілер әр қазақтан малдың жалпы санын сұрап, содан кейін асықпай оны жасына қарай анықтаған, кейде айтылмаған малдың саны белгілі болған.

Мысалы, 1912 жылы зерттелген Ильбишинск уезіне арналған құжаттамада б қазақтардың төрт түлігі түсінікті болу үшін орыс және қазақ атауларымен жазылған. Жылқыға байланысты: айғыр-жеребец, құнан - 3 жас, тай - 2 жаста, құлын-жеребенек, дөнен - 4 жас, бие-кобыла деп түсіндірілген. Сонымен қатар ту-бие, дөнежін, құнажын, байтал деп аталатын жылқының ерекшеліктеріне қарай атауларына анықтама берілген.

Ф. Щербинаның экспедициясының қорытындысы бойынша қазақтың орташа отбасына 24 (жылқыға айналған кезде) бірлік мал керек болды. Негізінен, «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» статистикалық

кестелерінің деректері бойынша бір шаруашылыққа қажетті мал санының бірлігі Омбы уезі – 25, Атбасар уезі – 25,2, Павлодар уезі – 25, Қостанай уезі – 21,7, Көкшетау уезі – 19,9, Ақтөбе уезі – 18,2 болды [4, 46 б.].

«Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» бойынша әр облыста және уезде, болыста қандай тайпалар өмір сүргені, қай жерлерде қоныс аударғаны, қандай шаруашылықпен айналысқаны және т.б. туралы көптеген мәліметтер бар. Осы құжаттық талдау арқылы дереккөздің шынайылығы мен нақтылығын анықтауға болады.

Көшпенділердің шаруашылық-экономикалық тарихын зерттеген С.Е. Толыбеков «XV-XVIII ғғ. қазақтардың шаруашылығын жыл бойы көші-қонмен сипаттауға болады, ал Қазақстандағы революцияға дейін де осы типтегі шаруашылық адай, табын, шекті, шөмекей, кете және т.б. сияқты көптеген тайпалық топтарда өзінің өміршеңдігін сақтап қалды», - деген болатын [5, 72 б.]. Шын мәнінде, әр тайпада ежелден қалыптасқан көші-қон XX ғасырдың бірінші ширегіне дейін өзгерген жоқ.

Патшалық Ресейге қазақ халқының көшпелі өмірі ұнамады. Отаршыл патша өкіметі алдымен қазақ жерін басып алды. Құнарлы, сулы жерлер (өзендердің, көлдердің, тау бөктерінің жағалаулары, қала маңында, жол бойында) шаруалар бөлініп, кесілді. Бұл жерлерге қоныстанғандарға кәсіппен айналысындар, бай болындар деп айтылды. Миллиондаған басыбайлықтан босатылғанымен, жерсіз жұмыс істей алмайтын шаруалар шығысқа қарай бет алды. Керісінше, қазақтар су жоқ шөлге ығыстырылды. Олар өз елдерінде өмір сүріп бодан болды [6, 190 б.].

Қорытындылай келе, «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығымен егіншілік шаруашылығына байланысты көптеген құнды және сапалы деректерді сақтап қалды. Бұл дереккөздің басқа статистикалық есептеулерден ерекшелігі оның экспедициялық әдіспен, арнайы түрде зерттелуі болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1 Сулейманов Б. Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX-XX вв. (1867-1907 гг.) . – Алма-Ата: АН Каз ССР, 1963. – С. 411.

2 Материалы по киргизскому землепользованию в Сырдарьинской области. – Чимкентский уезд. – Т. 1. – Ташкент., 1908. – С.643

3 Седельников Т. Қазаққа жер не үшін керек? // Ақиқат. – 2007. - №10. – 18 – 24 бб.

4 МКЗ. – Т. XI. – Акмолинская область. Омский уезд. – Омск, 1902. – С. 274.

5 Толыбеков С.Е. Общественно-экономический строй казахов в XVII-XIX вв. – Алма-Ата., 1959. – С. 110.

6 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.